


Косембай негізгі мектебінің 1-сынып оқушыларымен 20221/2022 оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмысына талдау

2021/2022 оқу жылында 1-класқа 5 оқушы қабылданды. Оқу жылының соңында 6 бала болып аяқтадық. ІІІ тоқсанның басында Шалқар қаласынан Ермабылов Дәурен деген оқушы келіп, оқушы саны бір балаға артты.

Сыныптың тәрбие жұмысының мәселесі: сынып ұжымын қалыптастыру, балалардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу, оқуға деген ынтасын арттыру.

Тәрбие жұмысы бойынша жоспар құрылды. Жұмыстың жоспары: жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді тұлға тәрбиелеу.

Білім күніне байланысты өтілген іс-шарадан соң «Тәуелсіздік жетістіктері» атты бірыңғай тәрбие сағаты өтілді. Тәрбие жұмысының 8 бағыты бойынша жұмыстар жүргізілді. Әр бағыт бойыншы сынып сағаттары өтілді. «Мамандығым-мақтанышым» атты ашық тәрбие сағаты өтіліп, оң пікірін алды. Сонымен бірге атаулы күндерге байланысты іс-шараларға оқушылар белсенділікпен қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Мектеп, ауыл кітапханасымен бірлескен түрде жұмыстар өткізілді. «Менің ауылымның көктемі» деп аталатын облыстық видеоролик байқауына М.Мырзалы және Ә.Рза қатысып, облыстық Алғыс хатқа ие болды. Мектепшілік бастауыш сынып бойынша өткен «Ы.Алтынсарин-дара тұлға» атты апталықта мәнерлеп оқудан және көрініс көрсетуден жүлделі І орынға ие болды.



Ата-аналармен жоспарланған жұмыстар жүргізілді. Әр тоқсан сайын ата-аналармен жиналыстар өткізіліп, оқушылардың оқу үлгерімімен таныстырылып отырылды. Түрлі тақырыпта сауалнамалар алынып, талданды. Тоқсан соңында ата-аналарды қауіпсіздік шараларымен таныстырылды. Ата-аналар жиналысқа белсенділікпен қатысты.



Сынып жетекшісі:

Сұлтанғалиева Ж.Б.